

Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 15 маусымдағы № 242 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 16 маусымда № 38967 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшалары орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде ақпаратты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі*

А. Ертаев

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2026 жылғы 15 маусымдағы
№ 242 бұйрығымен бекітілген

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Мемлекеттік еңбек инспекторы актілерінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 904 бұйрығында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12498 болып тіркелді):

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымша осы тізбенің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Жұмыс берушінің қызметін декларациялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 909 бұйрығында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12601 болып тіркелді):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жұмыс берушінің қызметін декларациялау қағидаларында:

3-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) мемлекеттік еңбек инспекторлары – еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары, оларға мыналар жатады:

Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік еңбек инспекторы – еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамы;

бас мемлекеттік еңбек инспекторлары – еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамдары;

астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың бас мемлекеттік еңбек инспекторы – еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның тиісті аумақтық бөлімшесінің басшысы;

мемлекеттік еңбек инспекторлары – астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары;"

көрсетілген қағидаларға 1-қосымшада:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне

(астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың атауы)

Жұмыскерлердің еңбек құқықтарын сақтау бойынша жұмыс берушінің қызметі туралы өтініш-декларация".

3. "Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу, бекіту және қайта қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 927 бұйрығында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12534 болып тіркелді):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу, бекіту және қайта қарау қағидаларында:

19-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының заңдарға, мемлекеттік стандарттары және нормативтік құқықтық актілері өзгертілгенде;"

4. "Еңбек кітапшаларының нысанын, оларды жүргізу және сақтау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 929 бұйрығында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12621 болып тіркелді):

1-қосымшада:

еңбек кітапшасының нысанында:

"Әкесінің аты (ол болған кезде) _____

Отчество (при его наличии)"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

Отчество (при его наличии)";

"Жұмысқа қабылдау туралы, басқа жұмысқа ауыстыру туралы (лауазымы көрсетіледі) және еңбек шартының тоқтатылуы (себептері мен заңнамалық актілерге сілтемелер көрсетіледі) туралы мәліметтер

Сведения о приеме на работу, о переводах на другую работу (с указанием должности) и прекращении трудового договора (с указанием причин и ссылок на законодательные акты)"

деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Жұмысқа қабылдау туралы, басқа жұмысқа ауыстыру туралы (лауазымы көрсетіледі) және еңбек шартының тоқтатылуы (себептері мен заңдарға сілтемелер көрсетіледі) туралы мәліметтер

Сведения о приеме на работу, о переводах на другую работу (с указанием должности) и прекращении трудового договора (с указанием причин и ссылок на законы)".

5. "Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру материалдарын ресімдеу бойынша нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1055 бұйрығында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12655 болып тіркелді):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаны арнайы тергеп-тексеру актісінің нысанында:

6-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жазатайым оқиғаға әкеп соққан әрекеттер немесе әрекетсіздікке жауапты адамдар сақтамаған белгіленген тәртіппен бекітілген заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің, сондай-ақ лауазымдық нұсқаулықтардың баптарын, параграфтарын, тармақтарын көрсете отырып, олардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы, кәсіптері;"

6. "Азаматтық қызметшілердің қызмет әдебі кодексін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 28

тамыздағы № 342 бұйрығында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21150 болып тіркелді):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық қызметшілердің қызмет әдебі кодексінде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Азаматтық қызметші өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын, сондай-ақ осы Кодекстің ережелерін қатаң сақтайды."

7. "Тиісті уәкілетті органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 27 шілдедегі № 317 бұйрығында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33204 болып тіркелді):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тиісті уәкілетті органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдау қағидаларында:

2-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңдарға және басқа да жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілерге, оның ішінде Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкестігі."

8. "Ағымдағы және болашақ кезеңдердегі кәсіптердің өзектілігін ескере отырып, кәсіптік біліктіліктерді тануда еңбек нарығының қажеттілігін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 366 бұйрығында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33383 болып тіркелді):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ағымдағы және болашақ кезеңдердегі кәсіптердің өзектілігін ескере отырып, кәсіптік біліктіліктерді тануда еңбек нарығының қажеттілігін қалыптастыру қағидаларында:

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жыл сайын, еңбек нарығының кәсіптік біліктілікті тану қажеттілігін қалыптастыратын жылдың алдындағы жылдың 1 желтоқсанына дейін еңбек нарығының жай-күйін ағымдағы және болашақ кезеңдердегі кәсіптердің өзектілігі тұрғысынан талдауды жүзеге асырады және мемлекеттік органдарға енгізеді.

Еңбек нарығын талдау кезінде кәсіптің ағымдағы кезеңдегі өзектілігі бір жыл, болашақ кезеңде – жиырма жыл ескеріледі."

9. "Кәсіптік біліктілікті тану орталықтарын аккредиттеу, аккредиттеу аттестатын қайта рәсімдеу, кері қайтарып алу, оның қолданысын қайта бастау және тоқтату қағидаларын, сондай-ақ аккредиттеуден кейінгі шарттың үлгілік нысаны мен талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 9 қыркүйектегі № 381 бұйрығында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33407 болып тіркелді):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кәсіптік біліктілікті тану орталықтарын аккредиттеу, аккредиттеу аттестатын қайта рәсімдеу, кері қайтарып алу, оның қолданысын қайта бастау және тоқтату қағидаларында:

2-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) салалық жұмыс тобы – өтініш берушілер оларды аккредиттеу кезінде ұсынған материалдарды қарау мақсатында құрылған астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың кәсіпкерлер палатасы жанындағы консультативтік-кеңесші орган;"

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтініш беруші аккредиттеуден өту үшін астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың кәсіпкерлер палатасына (бұдан әрі – өңірлік палата) мынадай құжаттарды қағазда немесе цифрлық платформа арқылы электрондық нысанда қазақ және орыс тілдерінде ұсынады:"

14-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығына, тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге және қауіпсіздігіне байланысты бұзушылықтар анықталған жағдайда аккредиттеу аттестатының қолданысы қайта басталмайды."

10. "Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасын қалыптастыру, қолдап отыру және оған жүйелік-техникалық қызмет көрсету, өзге де ақпараттық жүйелермен интеграциялау, сондай-ақ Ұлттық біліктілік жүйесінің мәселелері бойынша деректерді талдау және өңдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 18 қыркүйектегі № 391 бұйрығында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33449 болып тіркелді):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасын қалыптастыру, қолдап отыру және оған жүйелік-техникалық қызмет көрсету, өзге де ақпараттық жүйелермен интеграциялау, сондай-ақ Ұлттық біліктілік жүйесінің мәселелері бойынша деректерді талдау және өңдеу қағидаларында:

3-тармақтың екінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Ұлттық палата және астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың кәсіпкерлер палаталары (бұдан әрі – өңірлік палаталар);"

11. "Интернет-платформа операторының жеке табыс салығын, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік

аударымдар мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын ұстап қалу және аудару қағидалары, сондай-ақ интернет-платформа операторы төлеген сомаларды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына бөлу және аудару қағидалары мен талаптары, сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және төлеушінің орналасқан жері бойынша тиісті бюджетке аударымдар мен жарналардың мөлшерінен асатын төлем сомасын бірыңғай төлемді төлеушіге, интернет-платформа операторына қайтару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 392 бұйрығында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35173 болып тіркелді):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Интернет-платформа операторының жеке табыс салығын, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдар мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын ұстап қалу және аудару қағидалары, сондай-ақ интернет-платформа операторы төлеген сомаларды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына бөлу және аудару қағидалары мен талаптары, сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және төлеушінің орналасқан жері бойынша тиісті бюджетке аударымдар мен жарналардың мөлшерінен асатын төлем сомасын бірыңғай төлемді төлеушіге, интернет-платформа операторына қайтару қағидаларында:

4-тармақтың 1-бөлігінде орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

Тізбеге қосымша
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 30 қарашадағы
№ 904 бұйрығына
2-қосымша
Нысан

Кімге: _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), тұрақты тұрғылықты жерінің мекенжайы немесе тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы мәліметтер, жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), егер жұмыс беруші заңды тұлға болған жағдайда – оның атауы, тұрғылықты жері, бизнес-

**Жұмыс берушінің жалақы төлеуі туралы
НҰСҚАМА**

№ 20 жылғы " "

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 193-бабы 4) тармақшасына сәйкес 20

 жылғы " " мерзіміне дейін келесі жұмыскерге (жұмыскерлерге):

1) Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), ж.т.,
ЖСН:

 , тұрғылықты жерінің мекенжайы:
 теңге мөлшерінде;

2) Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), ж.т
, ЖСН:

 , тұрғылықты жерінің мекенжайы:
 теңге мөлшерінде;

3) Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), ж.т
, ЖСН:

 , тұрғылықты жерінің мекенжайы:
 теңге

мөлшерінде жалақы төленсін деп нұсқама беремін.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 23-бабы 2-тармағының 12)
тармақшасына

сәйкес 20 жылғы " " дейін осы нұсқаманың орындалуы туралы
жазбаша ақпарат мына мекенжайға: берілсін.

Мемлекеттік еңбек инспекторы

 қолы Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Нұсқамаға жоғары тұрған мемлекеттік еңбек инспекторына немесе сотқа оны
алынған

күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шағым жасалуы мүмкін.

Нұсқама мемлекеттік еңбек инспекторы белгілеген мерзімде орындалмаған
жағдайда

және шағым жасауға арналған мерзім өткеннен кейін, егер оған шағым жасалмаса,
әрбір

жұмысшыға қатысты нұсқаманың данасы көрсетілген мерзімдер өткен соң үш жұмыс
күнінен кешіктірмей "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының
мәртебесі

туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумағы бойынша тиісті әділет органына

не жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына жіберіледі.

Нұсқамаға сот тәртібімен шағым жасалған жағдайда, әрбір жұмысшыға қатысты нұсқаманың данасы сот актісі заңды күшіне еңген күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы "

Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумағы бойынша тиісті әділет органына не жеке

сот орындаушыларының өңірлік палатасына жіберіледі.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 23-бабы 2-тармағының 12) тармақшасының

негізінде бұл нұсқаманың міндетті күші бар.

Нұсқаманы алдым:

қолы Тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда), алған күні